| **Согласие на применение рекуррентных платежей** | **Рекурренттік төлемдерді қолдануға келісім** |
| --- | --- |
| Настоящее соглашение (далее - Соглашение) разработано товариществом с ограниченной ответственностью «FTD PARTNERS» (далее - Оператор), в соответствии с нормативно правовыми актами Республики Казахстан в форме оферты, адресованной Пользователю. Акцептом (принятием) условий настоящего Соглашения является проставление отметки о согласии с условиями настоящей Соглашения в регистрационном поле в момент заполнения Заявки на сайте www.akshaber.kz.<br>1. ОПРЕДЕЛЕНИЯ И ТЕРМИНЫ<br>Рекуррентные платежи – вид безналичного платежа, который подразумевает автоматическое списание средств с расчетного счета без необходимости каких-либо действий со стороны владельца данного счета.<br>Сайт Оператора (Сайт) – информационный ресурс Оператора www.akshaber.kz в информационно телекоммуникационной сети интернет (далее - сеть Интернет), с использованием которого Пользователь получает доступ к Сервису Оператора для формирования Заявки.<br>Сервис – информационно-технологическая система Оператора, размещенная на Сайте Оператора, позволяющая сформировать и передать заявку Пользователя на рассмотрение кредитора, в целях получения Пользователем займа.<br>Пользователь – физическое лицо, осуществляющее доступ к Сайту, прошедшее процедуру регистрации для получения Услуги.<br>Услуга – предоставляемая Пользователю посредством Сервиса услуга в соответствии с условиями Публичной оферты, размещённой на Сайте. | Осы келісім (бұдан әрі – Келісім) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес «FTD PARTNERS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (бұдан әрі – Оператор) оферта нысанында әзірленіп, Пайдаланушыға жолданады. Осы Келісімнің талаптарын акцептеу (қабылдау) болып www.akshaber.kz сайтында Өтінімді толтыру кезінде тіркеу өрісінде Келісім талаптарымен келісетіндігі туралы белгі қою табылады.<br><br>1. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР<br><br>Рекурренттік төлемдер – шот иесінің қандай да бір қосымша әрекеттерінсіз есеп айырысу шотынан ақшалай қаражатты автоматты түрде есептен шығаруды көздейтін қолма-қол ақшасыз төлем түрі.<br><br>Оператор сайты (Сайт) – Пайдаланушыға Өтінімді қалыптастыру үшін Оператор Сервисіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін интернет ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі Оператордың www.akshaber.kz ақпараттық ресурсы.<br><br>Сервис – Оператордың Сайтында орналастырылған, Пайдаланушының қарыз алу мақсатында оның өтінімін қалыптастыруға және кредитордың карауына жіберуге мүмкіндік беретін ақпараттық-технологиялық жүйе.<br><br>Пайдаланушы – Сайтқа қол жеткізетін және Қызметті алу үшін тіркелу рәсімінен өткен жеке тұлға.<br><br>Қызмет – Сервистің көмегімен Пайдаланушыға Сайтта орналастырылған Жария оферта талаптарына сәйкес көрсетілетін қызмет.<br><br>Жария оферта – Қызметтерді көрсету тәртібін реттейтін Сайттағы келісім. |

| | |
|---|---|
| Публичная оферта – соглашение на Сайте, регулирующее порядок оказания Услуг.<br>Процессинговый центр – автоматизированная система обработки транзакций по банковским картам в сфере электронной коммерции, предоставляющая возможность принятия платежей по банковским картам. Также, процессинговый центр координирует расчеты между Банком-эмитентом карты, Банком-эквайером (осуществляющим авторизацию транзакций), Сервисом и Держателем банковской карты.<br>2. ОПИСАНИЕ СЕРВИСА РЕКУРРЕНТНЫЕ ПЛАТЕЖИ<br>2.1. Рекуррентные платежи позволяют Пользователю производить оплату Услуг путём автоматического списания денежных средств с банковской карты Пользователя в размере 100 (сто) тенге единоразово и 3 499 (три тысячи четыреста девяносто девять) тенге за каждые 5 дней за пользование Услугой, начиная с первого дня оформления заявки (платная подписка).<br>2.2. После подключения Рекуррентных платежей, с расчетного счета Пользователя будут осуществляться переводы денежных средств в размере согласно п.2.1. настоящего Соглашения, необходимых для надлежащего исполнения обязанности по оплате Услуг.<br>2.2.1. Плата за использование Рекуррентных платежей (в том числе действия по его активации/отключению) не взимается.<br>2.3. Активация (подключение) Рекуррентных платежей:<br>2.3.1. При регистрации на Сайте для получения Услуги, в соответствии с условиями Публичной оферты, Пользователь заполняет соответствующее поле на Сайте, чем дает свое согласие на активацию сервиса Рекуррентные платежи, | Процессингтік орталық – электрондық коммерция саласында банк карталары бойынша транзакцияларды өңдеуге арналған автоматтандырылған жүйе, ол банк карталары арқылы төлемдерді қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, процессингтік орталық карта эмитент-банкі, эквайер-банк (транзакцияларды авторизациялайтын), Сервис және банк картасын ұстаушы арасындағы есеп айырысуларды үйлестіреді.<br><br>2. РЕКУРРЕНТТІК ТӨЛЕМДЕР СЕРВИСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ<br><br>2.1. Рекурренттік төлемдер Пайдаланушыға Қызметтер үшін төлемді банк картасынан автоматты түрде есептен шығару арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді: бір реттік 100 (жүз) теңге және Өтінім ресімделген алғашқы күннен бастап Қызметті пайдаланғаны үшін әрбір 5 күн сайын 3 499 (үш мың төрт жүз тоқсан тоғыз) теңге мөлшерінде (ақылы жазылым).<br><br>2.2. Рекурренттік төлемдер қосылғаннан кейін Пайдаланушының есеп айырысу шотынан осы Келісімнің 2.1-тармағына сәйкес Қызметтерді төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындау үшін қажетті қаражат аударылып отырады.<br><br>2.2.1. Рекурренттік төлемдерді пайдалану үшін (оның ішінде қосу/өшіру әрекеттері үшін) ақы алынбайды.<br><br>2.3. Рекурренттік төлемдерді іске қосу (қосу)<br><br>2.3.1. Қызметті алу мақсатында Сайтта тіркелу кезінде Пайдаланушы Сайттағы тиісті өрісті толтыру арқылы Рекурренттік төлемдер сервисін іске қосуға келісім береді және осы Келісімді акцептейді.<br><br>2.3.2. Осы Келісімді акцептей отырып, Пайдаланушы оның мазмұнын толық түсінетінін және барлық талаптарын толық көлемде қабылдайтынын растайды. |

| | |
|---|---|
| а также акцептирует настоящее Соглашение.<br>2.3.2. Акцептируя настоящее Соглашение, Пользователь полностью осознает его содержание и принимает все его условия в полном объеме.<br>2.3.3. Настоящее Соглашение дает Оператору право на автоматическое списание денежных средств с расчетного счета Пользователя в счет исполнения его обязанностей по оплате Услуг согласно Публичной оферте.<br>2.4. Порядок пользования Рекуррентными платежами:<br>2.4.1. Оплата Услуг осуществляется Пользователем в размере 100% предоплаты, иной порядок оплаты возможен в соответствии при условии проведения акций (специальное предложение) в момент регистрации на Сайте.<br>2.4.2. Непосредственное списание денежных средств осуществляет Процессинговый центр.<br>2.4.3. Все расчёты, предусмотренные настоящим Соглашением, производятся в тенге Республики Казахстан.<br>2.4.4. Оператор не хранит и не обрабатывает банковские данные Пользователя, обеспечивая лишь направление запросов в Процессинговый центр.<br>2.4.5. Оператор ни при каких условиях не гарантирует возможность проведения операций по расчетному счету Пользователя, оставляя разрешение данных вопросов за Процессинговым центром.<br>2.4.6. Пользователь гарантирует, что он является владельцем расчетного счета и банковской карты, указанных при регистрации на Сайте, осознанно, корректно и полностью вводит все требуемые реквизиты при активации (подключении) Рекуррентных платежей. | 2.3.3. Осы Келісім Операторға Жария офертаға сәйкес Қызметтер үшін төлем жасау міндеттемелерін орындау мақсатында Пайдаланушының есеп айырысу шотынан қаражатты автоматты түрде есептен шығаруға құқық береді.<br><br>2.4. Рекурренттік төлемдерді пайдалану тәртібі<br><br>2.4.1. Қызметтердің ақысы Пайдаланушы тарапынан 100% алдын ала төлем тәртібімен төленеді. Сайтта тіркелу кезінде акциялар (арнайы ұсыныстар) өткізілген жағдайда өзге төлем тәртібі қолданылуы мүмкін.<br><br>2.4.2. Ақшалай қаражатты тікелей есептен шығаруды Процессингтік орталық жүзеге асырады.<br><br>2.4.3. Осы Келісімде көзделген барлық есеп айырысулар Қазақстан Республикасының теңгесімен жүргізіледі.<br><br>2.4.4. Оператор Пайдаланушының банк деректерін сақтамайды және өңдемейді, тек Процессингтік орталыққа сұраулар жіберуді қамтамасыз етеді.<br><br>2.4.5. Оператор ешбір жағдайда Пайдаланушының есеп айырысу шоты бойынша операциялардың орындалуына кепілдік бермейді. Мұндай мәселелерді шешу Процессингтік орталықтың құзыретіне жатады.<br><br>2.4.6. Пайдаланушы тіркелу кезінде көрсетілген есеп айырысу шоты мен банк картасының заңды иесі болып табылатынына, сондай-ақ рекурренттік төлемдерді іске қосу барысында барлық қажетті деректерді саналы түрде, дұрыс және толық енгізетініне кепілдік береді.<br><br>2.4.7. Егер Пайдаланушының шотында Оператор қызметтерінің ақысын төлеуге жеткілікті қаражат болмаса, Оператор өзінің коммерциялық мүддесін қамтамасыз ету мақсатында ақшалай қаражатты есептен шығаруға қайталама әрекеттер |

| | |
|---|---|
| 2.4.7. Если на счёте Пользователя недостаточно средств, для оплаты услуг Оператора, Оператор вправе повторять попытки списания денежных средств, в качестве обеспечения своего коммерческого интереса. Рекуррентные платежи работают на условиях периодической платной подписки.<br>2.4.8. При оказании Услуг акт об оказанных услугах не формируется и не подписывается. Услуги считаются оказанными надлежащим образом и принятыми Пользователем в полном объеме, если в течение одного календарного дня по истечении срока оказания услуг Оператор не получил от Пользователя мотивированных письменных возражений по качеству оказанных услуг на электронную почту support@akshaber.kz. Отсутствие любых письменных замечаний в течение установленного срока считается признанием факта надлежащего качества услуг. Возврат средств может производиться только на ту карту, с которой производилась оплата услуг Оператора посредством письменного обращения Пользователя по электронному адресу: support@akshaber.kz.<br>3. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН<br>3.1. Оператор вправе отказать Пользователю в возможности активации (подключения) Рекуррентных платежей для совершения им очередных платежей.<br>3.2. Оператор имеет право вносить изменения в настоящее Соглашение. Изменения и дополнения настоящему Соглашению, вступают в силу с момента их опубликования на Сайте.<br>3.3. Оператор не несёт ответственности за временную неработоспособность сервиса Рекуррентных платежей по не зависящим от Оператора причинам, а также обстоятельствам непреодолимой силы. В этом случае Пользователь использует | жасауға құқылы. Рекурренттік төлемдер мерзімді ақылы жазылым шарттарында жұмыс істейді.<br><br>2.4.8. Қызметтер көрсетілген кезде көрсетілген қызметтер актісі жасалмайды және қол қойылмайды. Егер Қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін бір күнтізбелік күн ішінде Операторға support@akshaber.kz электрондық поштасына көрсетілген қызметтердің сапасына қатысты дәлелді жазбаша қарсылықтар келіп түспесе, Қызметтер тиісінше көрсетілген және Пайдаланушы толық көлемде қабылдаған болып есептеледі. Белгіленген мерзімде қандай да бір жазбаша ескертулердің болмауы Қызметтердің тиісті сапада көрсетілгенін мойындау болып саналады. Ақшалай қаражатты қайтару тек Пайдаланушының support@akshaber.kz электрондық поштасына жолдаған жазбаша өтініші негізінде және төлем жасалған банк картасына ғана жүзеге асырылады.<br><br>3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ<br><br>3.1. Оператор Пайдаланушыға кезекті төлемдерді жүзеге асыру үшін Рекурренттік төлемдерді іске қосу мүмкіндігін беруден бас тартуға құқылы.<br><br>3.2. Оператор осы Келісімге өзгерістер енгізуге құқылы. Өзгерістер мен толықтырулар Сайтта жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.<br><br>3.3. Оператор өзіне байланысты емес себептермен немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары салдарынан Рекурренттік төлемдер сервисінің уақытша жұмыс істемеуі үшін жауапты болмайды. Мұндай жағдайда Пайдаланушы Қызметтердің ақысын төлеудің Оператормен келісілген өзге тәсілдерін пайдаланады.<br><br>3.4. Пайдаланушы өзінің есеп айырысу шоты немесе банк картасы өзгерген жағдайда, ақпаратты өзектендіру мақсатында бұл туралы Операторды 3 (үш) |

| | |
|---|---|
| иные, согласованные с Оператором, способы внесения средств для оплаты очередного платежа за предоставления Услуг.<br>3.4. В случае изменения расчетного счета Пользователя или банковской карты, он обязан в течение 3 (трех) рабочих дней письменно известить об этом Оператора с целью актуализации информации Оператором.<br>3.5. Оператор вправе отказать Пользователю в использовании Рекуррентных платежей для оплаты Услуг, в случае получения отчета о невозможности списания денежных средств с расчетного счета Пользователя.<br>3.6. Пользователь вправе отменить платную подписку - отказаться от Рекуррентных платежей. Для отмены Рекуррентных платежей Пользователю требуется самостоятельно перейти по ссылке https://akshaber.kz/unsubscribe и совершить требуемые действия. Отказываясь от Рекуррентных платежей, отменяя платную подписку, Пользователь отказывается от исполнения настоящего Соглашения.<br>3.7. По вопросам и претензиям Пользователи могут обращаться по адресу support@akshaber.kz.<br>4. СРОК ДЕЙСТВИЯ ДОГОВОРА, ПОРЯДОК ИЗМЕНЕНИЯ И РАСТОРЖЕНИЯ ДОГОВОРА<br>4.1. Изменения и дополнения к настоящему Соглашению, вступают в силу с момента их опубликования на Сайте.<br>4.2. Пользователь понимает и согласен с тем, что, если он пользуется Сайтом после даты внесения соответствующих изменений в настоящее Соглашение, это будет расцениваться как факт принятия Пользователем Соглашения в новой редакции.<br>4.3. Пользователь вправе отказаться от исполнения настоящего Соглашения путём | жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.<br><br>3.5. Пайдаланушының есеп айырысу шотынан қаражатты есептен шығару мүмкін еместігі туралы есеп алынған жағдайда, Оператор Рекурренттік төлемдерді пайдалануға рұқсат беруден бас тартуға құқылы.<br><br>3.6. Пайдаланушы ақылы жазылымнан бас тартуға және Рекурренттік төлемдерді тоқтатуға құқылы. Ол үшін Пайдаланушы https://akshaber.kz/unsubscribe сілтемесіне өтіп, қажетті әрекеттерді өз бетінше орындауы тиіс. Рекурренттік төлемдерден бас тарту осы Келісімнің орындалуынан бас тартуды білдіреді.<br><br>3.7. Сұрақтар мен шағымдар бойынша Пайдаланушылар support@akshaber.kz электрондық поштасына жүгіне алады.<br><br>4. КЕЛІСІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ<br><br>4.1. Осы Келісімге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Сайтта жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.<br><br>4.2. Пайдаланушы осы Келісімге өзгерістер енгізілген күннен кейін Сайтты пайдалануды жалғастырған жағдайда, бұл Келісімнің жаңа редакциясын қабылдау фактісі ретінде қарастырылатынын түсінеді және келіседі.<br><br>4.3. Пайдаланушы осы Келісімнен 3.6-тармаққа сәйкес ақылы жазылымды тоқтату арқылы бас тартуға құқылы. Бұл Сайтты пайдаланудан және осы Келісім талаптарынан бас тартуды білдіреді.<br><br>4.4. Осы Келісім бойынша Оператордың Пайдаланушы алдындағы жауапкершілігі Қызметтер көрсету шеңберінде Рекурренттік төлемдер арқылы Оператордың есеп айырысу шотына түскен қаражат сомасымен шектеледі.<br><br>4.5. Осы Келісімнің орындалуына байланысты туындайтын даулар өзара |

| | |
|---|---|
| отмены платной подписки в соответствии с п.3.6. настоящего Соглашения, что означает отказ Пользователя от использования Сайта и условий настоящего Соглашения.<br>4.4. Ответственность Оператора перед Пользователем по настоящему Соглашению ограничивается суммой денежных средств, зачисленных посредством Рекуррентных платежей на расчетный счёт Оператор в рамках оказания Услуг.<br>4.5. Споры, возникшие в связи с выполнением условий настоящего Соглашения, разрешаются в ходе взаимных консультаций и переговоров.<br>4.6. При недостижении соглашения спор будет передан на рассмотрение в судебный орган по месту нахождения Оператора, в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.<br>5. АДРЕС И РЕКВИЗИТЫ ОПЕРАТОРА<br>ТОО «FTD PARTNERS»<br>Адрес: Казахстан, Алматы, улица Бальзака, дом 8, кв/офис 393<br>БИН (ИИН): 240940015079<br>Я, пользователь, настоящим даю согласие на осуществление рекуррентных (периодических) платежей в соответствии с условиями Соглашения. | консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.<br><br>4.6. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Оператордың орналасқан жері бойынша сотта қаралады.<br><br>5. ОПЕРАТОРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ<br><br>«FTD PARTNERS» ЖШС<br><br>Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бальзак көшесі, 8-үй, 393-пәтер/кеңсе<br><br>БСН: 240940015079<br><br>Мен, Пайдаланушы, осы арқылы Келісім талаптарына сәйкес рекурренттік (мерзімді) төлемдерді жүзеге асыруға өз келісімімді беремін. |